

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-балабақшасы

**2023-2024 оқу жылының тобының тәрбиелік іс - шара
(Еркемай кіші тобы)**

Орындаған : А.Н.Едресова

2023-2024 оқу жылының кіші топ «Еркемай» тобының тәрбиелік -іс шара жоспары

№	Тәрбиелік-іс шара атауы	Мақсаты	Айы
1	«Армысың алтын күз»	Табиғатты аялауға, еңбекқорлыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қазан
2	«Қарттарым асыл-қазнам»	Балаларды үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Қазан
3	«Қазақстан туған елім – ұлы өлкем»	Балаларға Қазақстан туралы, туған жері туралы түсінік беру.	Қазан
4	«Менің Отаным-Қазақстан»	Отанға деген мақтаныш сезімін оятып, патриоттық тәрбие беру.	Желтоқсан
5	«Төрлет Жаңа жыл»	Жаңа жылдық көңіл күй сыйлау.	Желтоқсан
6	«Төрт-түлік мал»	Үй жануарларымен, олардың пайдасы туралы түсінік беру.	Ақпан
7	«Рақмет саған, мейірімді әлем!»	Өзіне жақын адамдарына алғыс айту, сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
8	«Аяулы Анашым»	Анамызды, әжемізді сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
9	«Көрісу күні – Амал келді, жыл келді!»	Көрісу туралы түсінік беру	Наурыз
10	«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын»	Қазақтың ұлттық мейрамы, наурыз көже, бауырсақ туралы	Наурыз

		түсініктерін кеңейту.	
11	«Аспан әлеміне саяхат»	Аспан денелерімен, ғарышкерлер туралы түсінігін кеңейту.	Сәуір
12	«Бірлігіміз жарасқан»	Ұлт өкілдері туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
13	«Біз Отанның сарбазы»	Балаларды отанын сүйуге патриоттық тәрбие туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
14	«Ұлы Жеңіс жасасын»	Ата әжелеріміздің ерлігі туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр

«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Армысың –Алтын күз!»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: « Армысың -Алтын күз»

Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс – әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой – қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата – аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар,халайық,
Бармысыздар ,халайық!
Күзгі тойды жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата – аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Еркемай» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Қыздар жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Ән: «Алтын күз»

Сөзі мен әні: Бота Бейсенова.

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздері туралы тақпақтар айтып береді:

Баян:

Дөп дөнгелек сап-сары,
Ішінде бар дәні.
Қызығасын көріп,
Менің атым өрік.

Жаннур:

Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім.
Жерге сілкіп түсірме,
Ісіп кетер маңдайым.

Диляра:

Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз, тәттіміз.

Жүргізуші: Бүгін мейрам,бүгін той

Қуанышты күн біліп қой

Күзгі бақтай сыңғырлап

Алақанды соғып қой деп, – биімен ортаға ұлдарды шақырамыз.

Би: «Жаңбыр»

Жарайсыңдар балалар бір тынығып алдық.Балалар «Алтын күз»мерекесіне жиналды.Ата –аналарымызда келді.Бірақ бізде кім жетіспейді.Сендер білесіндерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Сиқырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл жарқын күз.
Сары алтынға малынған,
Мен Күз ханшайымымын,
Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

– Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: – Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Жүргізуші: Балалардың дайындаған тақпақтарын тыңдаңыз:

Ойын: «Дәмін ажырат».

Ойынның шарты: Бізге екі бала қажет, олардың көздерін орамалмен байлап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкөністі қолдарымен ұстап, дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, өте дәм сезгіш екенсіңдер.

Жүргізуші: Балалар, күздің алып келген көкөніс, жемісі дәмді ме екен?

Балалар: Иә, өте дәмді.

Жүргізуші: Балабақша бағында, Сайраңдаймыз жанында нақ өзіндей бүлдіршін,

Көп достардың жанында,- деп, біздің кішкентай биші
қыздарымызды «**Жапырақтар**» биін қарсы алыңыздар.

Би: «**Жапырақтар.**»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Күз ханшайымы біздің балалардың өнерлері әлі біткен жоқ. Балаларымыз тағы да тақпақ айтып береді:

Жүргізуші: Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, ол сонымен ойын ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

Ойын: «Сиқырлы орамал»

Қане, шеңбер құрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық.

(Балалар теріс қарап тұрғанда күз ханшайымы ортаға орамал жабылған себетті қояды.)

Күз ханшайымы: Ал балалар енді бұрылып қарайық.

Орамалды ашайық,

Астында не, қарайық?

Бұл не?

Себет қой!

Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады.

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы, байлығы деп алмаларды балаларға үлестіреді. Балалар алғыстарын айтады.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар!(Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Еркемай» тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс – әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой – қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата – аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Топтағы барлық тәрбиленушілер Алтын күз шарасына белесене қатысты. Ойындар ойнатылды. Жеміс жидектерге арналған тақпақтарын айтты. Күз ханшайымымен танысты, күз мезгіліндегі өзгерістер туралы түсінік алды. Ертеңгілігіміз өз деңгейінде өтті.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: **«Қарттарым – Асыл
қазынам!»**

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Мақсаты: Балаларды ата-әжені құрметтеуге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, Әже (қалауыңызша).

Әуенмен балалар залға кіреді

Жүргізуші:

Қайырлы күн, ардақты ата-әжелер, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекемізге қош келдіңіздер!

Сіздер – біздің ақылшымыз, қамқоршымыз, асыл қазынамыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ортақ ән

«Әжем» әні.

Тақпақтар

Айзия:

Әжем менің ақ әжем,

Мейірімді бақ әжем.

Ертегі айтып береді,

Қуантады әркез мені.

Мансур:

Атам менің ардақты,

Ақыл айтқан салмақты.

Мен атамды сыйлаймын,

Әрқашанда тыңдаймын.

Айлин:

Ата, әже – асыл жан,

Сыйлаймыз біз әрқашан.

Дендеріңіз сау болып,

Жүздеріңіз жайнасын!

Би«Гүлдер» биі (қыздар)

Ойын«Әжеме гүл сыйлаймын»

Ойын шарты: Балалар себеттен гүл алып, әжелеріне апарып сыйлайды.

Әже келеді

Әже:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Өнерлеріңді көріп, қатты қуанып отырмын. Сендер өте әдепті, ақылды балалар екенсіңдер.

Ортақ ойын

«Атамен бірге доп жинайық»

Ойын шарты: Ата мен немере бірге шашылған доптарды себетке жинайды.

Ән «Атам мен әжем»

Қорытынды

Балалар бірге:

Ата, әже, аман бол,
Жүздеріңіз жадырап.
Ұзақ жасап ортамызда,
Жүріңіздер шаттықта!

Жүргізуші:

Құрметті ата-әжелер!
Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілейміз.
Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, әрдайым ортамыздың сәні
болып жүре беріңіздер!

(Балалар ата-әжелеріне қолдан жасаған ашықхат немесе гүлдерін табыстайды. Әуен ойналып, мереке аяқталады.)

- Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету;
- Аталардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру;



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Қазақстан туған елім —
ұлы өлкем»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Қазақстан туған елім – ұлы өлкем»

Мақсаты:

Білімділігі: Балаларға ҚР-ның рәміздерімен таныстыру елтаңба, ту, әнұран туралы түсінік қалыптастыру.Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту.

Дамытушылығы:Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Тәрбиелігі:Отан сүйгіштікке баулу, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі:Әнұран тындау,шаттық шеңбер,түсіндіру,көрсету,тақпақтар айту.сергіту сәті.

Көрнекілігі: рәміздердің суреттері,Президент портреты

Сөздік жұмыс: Елтаңба, Ту, Елбасы, Әнұран.

Билингвальды компонент: Елбасы-Президент, Жалау-Флаг,Елтаңба-Герб, Әнұран-Гимн.

Жүру барысы:

Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.

Әнұран орындау.(оң қолдарын кеуде тұсына қойып орындайды)

Билингвальды компонент: Елбасы-Президент,Жалау-Флаг, Елтаңба-Герб,Әнұран-Гимн.

Балаларға туған жеріміз, отанымыз туралы сұрақтар қою.

-Балалар бүгін қандай күн?

-Біз қай Республикада тұрамыз?

-Біздің елбасымыз кім?

-Елордамыз қай қала?

-Біздің ұлтымыз қандай?

-Қай тілде сөйлейміз?

-Біздің елде қандай ұлт өкілдері тұрады?

-Рәміздерге нелер жатады?

Әңгімелесу:

(рәміздер туралы сурет арқылы түсіндіріп көрсету)

Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, кахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін,арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Рәміздерге: Елтаңба,Ту,Әнұран жатады. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлеміне қалықтатып тұр.

Еңселі Елтаңбамызды сипаттау:

ҚР-ның рәміздерінің бірі елтаңба.

Елтаңбада көгілдір түсті аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар таралған. Шаңырақпен уық-отбасы негізі,Отанымыздың көптеген ұлттардың бір шаңырақ астында бірлігін көрсетеді.Оң жағы мен сол жағында қанатты қос тұлпар бейнесі бейнеленген. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдызша орналасқан.

Бес жұлдыз –әр бір адамның,халықтың жол нұсқайтынжарық жұлдызы деген мағынаны білдіреді.

Ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Ол мемлекетіміздің атын білдіреді. Осы әсемде, асқақ елтаңбаның авторлары:

Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уалиханов.

Тұғырлы Туымызды сипаттау:

Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы. Туымыздың түсі көк. Көк түс бірлік пен ашық аспанды көрсетеді. Туымыздың ортасында сәуле шашқан күнбейнесі орналасқан. Ол тыныштықпен байлықтың белгісі. Күн астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнесі орналасқан. Ол еркіндіктің, қазақ халқының жан дүниесінің белгісі. Туымыздың сабы бекітілген тұсында қазақтың ұлттық ою-өрнегімен көмкерілген. Бұл ою-өрнек қазақ халқының қол өнер шебер болғанын білдіреді.

Тудың авторы - Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков.

Асқақтаған Әнұранды сипаттау:

Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең бастысы - Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні

Әнұранды түргеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді.

Әнұранның авторы: Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нажмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Рәміздер туралы тақпақтар айту:

1. Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Аспанға іліп қояды (Диляра)

2. Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі (Баян)

3. Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте (Жаннур)

Ән: «Отаным менің»

Сергіту сәтін жасауға шақырады. Сергіту сәті.

Жоғары қарап күн көріп

Төмен қарап жер көрдім

Оңға қарай бұрылып

Солға қарай бұрылып

Егеменді ел көрдім.

Қорытындылау:

- Балалар бүгінгі оқу қызметімізде не туралы әңгімелестік?

- Тәуелсіз еліміздің рәміздері туралы айттық.

- Еліміздің рәміздерін атаңдар?

- Рәміздерді қалай құрметтеуіміз керек?

Қортынды

Балаларға ҚР-ның рәміздерімен таныстыру елтаңба, ту, әнұран туралы түсінік қалыптастыру.Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту.

Дамытушылығы:Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Тәрбиелігі:Отан сүйгіштікке баулу, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі:Әнұран тыңдау,шаттық шеңбер,түсіндіру,көрсету,тақпақтар айту.сергіту сәті



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Менің Отаным -
Қазақстан»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: «Менің Отаным - Қазақстан!»

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп таппак айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Балалар безендірілген залға кіреді. Дөңгелене тұрады.

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, кішкентай бүлдіршіндер, бүгін біз дүниені дүр сілкіндірген, **тәуелсіздік** туын алғаш көтерген әйгілі 1986 жылдың желтоқсанына арналған «Елімнің еркіндігі - **тәуелсіздік**» атты ертеңгілігімізді өткізбекпіз.

Мұз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан - ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Тәуелсіздігіміз баянды болсын дей отырып, кішкентай бүлдіршіндеріміз ертеңгілікті ән ұранмен ашады.

Әнұран айтылады.

Жүргізуші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӨК ТУ, ЕЛТАҢБА,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев-

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Тәуелсіз 30 жыл мерекесіне арналған таппақтарымызда айтайық

Жүргізуші:

Жаннур:

Жасай бер елім қазағым,

Еселеніп ғажабаын

Отыз жылдығын құтты боп

Кіре берсін ажарың!

Баян:

Аман болсын ел, жұртым,

Аспаным ашық, күн күліп.

Отыз жылдық азаттық,

Шаттық әуен үн қылып.

Азиза:
Отаным, Қазақстан,
Құтты болсын мерекең!
Тәуелсіз еліміз отыз жыл,
Арта берсін берекең.
Хор: Балдырған әні
Би: «Жаса Қазақстан топпен
Диляра
Өзіңді мақтан етемін,
Қазақстаным, Отаным!
Құтты боп отыз жылдығың,
Жаса деп үн қатамын!

Мансур:
Бейбітшілік күн жаса,
Мерейімді асырып.
Тәуелсіз күнім жүз жаса,
Келеңсіз күнді жасырып.
Балалар мұндағы суретте желтоқсан құрбандары. Осы аға, апаларымыздың арқасында егемен ел болып, көк туымыздың байрағы желбіреді. Ләззат, Ербол, Қайрат, Ербол апа – ағаларымызға 1 – минуттық үнсіздік жариялайық.

Асылым:
Қазақ елім,Отаным!
Өзіңсің менің мақтаным.
Отыз жылдығың құтты боп,
Ата берсін ақ таңын.

Хор: Балдырған әні.

Осымен **тәуелсіздік** күніне арналған Гүлдер тобының ертеңгілігі аяқталды, көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет. Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын.

Тақырыбы: **«Менің Отаным - Қазақстан»**

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тапқақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Ертеңгілікке балалар жақсы деңгейде қатысты. Балалар әндерін, тапқақтарын айтты. Ата-аналарымен бірігіп көрмеге қолөнерлерін дайындап келді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Төрлет Жаңа жыл!»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: *«Төрлет, Жаңа жыл!»*

Мақсаты: балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, **балалардың:** Аязатаның, Ақшақардың, Ұлудың карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар! Бүгін бәріміз асыға күткен Жаңа жыл мерекесіне жиналды. Баршаңызды мерекемен құттықтаймыз!

Балалар залға әуенмен кіреді, шыршаны айналып тұрады.

Тақпақтар

Айлин:

Жасыл шырша жанында,
Билейміз біз бәріміз.
Жаңа жылды қарсы алып,
Қуанышқа кенелдік.

Алима:

Аппақ қарлар жауады,
Аққала да тұрады.
Жаңа жылым құтты боп,
Бақыт бізге қонады.

Ән

«Жасыл шырша» (немесе топтың үйренген Жаңа жыл әні)

Қыздардың «Шырша» биі

(Қыздар жасыл көйлекпен немесе шырша бейнесіндегі аксессуарлармен шығады.)

Музыка орындалады.

Жүргізуші:

Қандай әдемі шыршалар! Бірақ біздің мерекемізге ең басты қонақтар әлі келген жоқ сияқты.

(Есікті қағу естіледі.)

Аяз ата келеді.

Аяз ата:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Жаңа жылдарың құтты болсын!

Ақылды балалардың өнерін көруге келдім.

Балалар:

Сәлеметсіз бе, Аяз ата!

Ұлдардың «Аяз ата» биі

(Ұлдар Аяз ата қалпағын, сақалын немесе қызыл белбеу тағып билейді.)

Музыка орындалады.

Аяз ата:

Жарайсыңдар, балалар! Өте тамаша биледіңдер!

Ойын

«Қарды себетке жина» немесе «Кім жылдам?»

Ортақ ән

«Жаңа жыл келді» (барлық балалар бірге орындайды)

Сыйлық тарату

Аяз ата:

Өнерлеріңе риза болдым.

Барлығың өте ақылды екенсіңдер.

Ендеше сыйлықтарымды қабыл алыңдар!

(Сыйлықтар таратылады.)

Жүргізуші:

Осымен Жаңа жыл мерекеміз аяқталды. Жаңа жыл әр шаңыраққа қуаныш, береке, денсаулық әкелсін! Келесі кездескенше, сау болыңыздар!

Қортынды

Балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, **балалар**дың: Аязатаның, Ақшақардың, Ұлудың карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

Ертеңгілікке ертегі кейіпкерлері келді. Балалармен ойын ойнады. Аяз ата мен Ақшақар келіп, балалар өз өнерлерін көрсетті. Топтың қыздар шырша, ұлдары аяз ата болып киінді. Аяз атамызға тақпақ айтып сыйлық алды



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Төрт түлік»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: "Төрт түлік "

Сабақтың мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың төрт түлікті дәріптеген өлең жырлар, әңгімелер арқылы танымын, жан-жануарлар туралы түсініктерін арттыру, жылқылардың басқа малдардан айырмашылығын таныту, сөздік қорын байыту, тіл байлықтарын дамыту, ұлттық тағамдар түрлері туралы ұғымын пысықтап, тиянақтап, көбірек білуге ынталарын ояту, балалардың тазалыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Сабақтың көрнекілігі: Төрт түліктің суреттері слайд түрінде

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі

-Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң, қайырлы күн,

Күлімсіреп шықты күн!

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Отырыңдар. Бүгін бізде ерекше бір қызық сабақ. Сондықтан сабаққа барлығымыз қатысайық. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: "Төрт түлік "

-Балалар, бүгін біз сендермен саяхатқа шығамыз. Қане көздерінді жұмындаршы, енді ашайық. Балалар, біз жайлауға келдік. Қане, қалай демаламыз? Бәріміз таза ауамен дем алайықшы. Қараңдаршы жайлауда не жайылып жүр екен? (Осы кезде өрісте жүрген малдардың дауыстар қойылады.

Балалар: -Қойлар, сиырлар, ешкілер, жылқылар, түйелер.

Тәрбиеші: Осы үй жануарлары сендердің үйлерінде бар ма?

Тәрбиеші; Олар қайда жайылып жүр?

-Дұрыс, жайлауда немесе өрісте жүр.

- Балалар, ал қазір «Мал қалай дыбыстайды?» деген ойын ойнаймыз.

Ойынның шарты: Тақтада үй жануарлар берілген. Қазір мен сендерге төрт түліктің дыбыстарын қосқанда, сендер ненің дыбысы екенін тауып алу керексіңдер.

Ойынның мақсаты: Қандай төрт түліктің дыбысы екенін тауып алу. Оларды атау.

Сергіту сәті:

Қошақаным тұршы,

Беті –қолыңды жушы.,

Айнаға қарашы,

Шашыңды тарашы.

Орныңа

отыршы.

Тәрбиеші: Ал енді балалар тақтаға қарайық.

-Балалар тақтада ненің суреттерін көріп тұрсыңдар?

-Дұрыс, айтасыңдар. Ал енді осы малдардың әрқайсына тоқталайық.

-Мынау ненің суреті?

-Дұрыс, сиыр. Сиырдың пайдасы қандай?
Одан не аламыз?

Балалардың жауаптары:

Сиырдың төлін -бұзау дейміз. Сиырдан біз сүт, ет, тері аламыз. Ал сүттен қаймақ, май, ірімшік, айран аламыз. Сиырдың атасы -Зеңгі баба.

Сиырды аухау-аухау деп шақырамыз. Сиыр шөп, су, жем жейді.

Келесі ненің суреті?

-Дұрыс, жылқы. Жылқының пайдасы қандай? Одан не аламыз?

Балалардың жауаптары:

Жылқының төлі-құлын. Жылқыны көлік ретінде пайдаланамыз.

Көбінесе, арбаға жегеміз.(отын, шөп, су, жүк тасығанда) Жылқыдан біз сүт, ет, тері аламыз Сүтінен қымыз жасайды .Қымыз-шипалы сусын. Оны өкпе ауруына емдік ретінде қолданады. Жылқы жем, су, шөп жейді.Жылқының атасы-Қамбар ата. Оны құрау-құрау деп шақырады.

Ойын: «Төлін тап»

Ойынның мақсаты: Малдардың төлін тауып алу.Төлдерін атау.

Келесі ненің суреті?

-Дұрыс, қой. Қойдың пайдасы қандай? Одан не аламыз?

Балалардың жауаптары:

Қойдың төлі-қошақан.Қойды Шопан ата бағады. Қойды пұшайт-пұшайт деп шағырады. Қойдан ет, жүн, тері аламыз. Жүннен әжелер байпақ, , қолғақ т.б тоқиды.

Келесі ненің суреті?

Балалардың жауаптары:

-Дұрыс, ешкі. Ешкінің төл-лақ.

Ешкі шөре-шөре деп шақырады.

Ешкіден ет, түбіт аламыз. Әжелеріміз түбіттен шәлі, байпақ, қолғақ тоқиды.

Ойын: «Ішіне-сыртына».

Ойынның мақсаты: Оқушыларды үй жануарлары мен жабайы жануарларды айыра білуге үйрету.

Келесі ненің суреті?

Балалардың жауаптары:

-Дұрыс, түйе. Түйенің төлі-бота.

Түйе киелі жануар.

Ол ұзақ уақыт бойы су ішпей жүре алады.

Түйенің атасы-Ойсылқара. Түйені көс-көс деп шақырады. Түйені көлік ретінде пайдаланамыз. Түйенің сүтін сусын ретінде ішеді. Шұбат ашытады.

Ол-айраннан сұйық, қымыздан қою. Оның емдік те қасиеті бар.

Сергіту сәті:

Бала, бала балақан,

Кәне қайсың алақан

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнат.

Балалар, ал енді **"Не артық? "** ойынын ойнайық.

Ойынның мақсаты:Балалардың мақсаты,артық суретті тауып алу.Неге артық екенін түсіндіру.

-Жарайсыңдар, балалар.

-Балалар, енді төрт түлік туралы жұмбақтар шеше аласыңдар ма?

Жұмбақтар

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (қой)

Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар,

Төрт жылтырмағы бар,

Бір шыбыртқысы бар. (сиыр)

Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар. (түйе)

-Балалар, жарайсыңдар. Жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер?

-Балалар, кім маған төрт түлік туралы тақпақтар айтып берем дейді?

(Балалар білген тақпақтарын айтады.)

Төрт түлік малдар туралы тыйым сөздерді оқушыларға айту.

Малды теппе. Ақты төкпе. Малды ұрма.

-Енді балалар, бәріміз төлдер"Төлдер" әнін орындайық.

-Жарайсыңдар, балалар. Әнді жақсы айтады екенсіңдер. Ортаға енді биші қызымызды шақырайық. Әминә бізге қазақтың биін билеп берем дейді.

Қорытынды: -Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Не ұнады? Біз бүгін көп нәрсені біліп көрсете білдік. Яғни төрт түлік малдардың қалай дауыстайтынын, олардың төлдерін, пайдасын біліп үйрендік.

Қортынды

Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың төрт түлікті дәріптеген өлең жырлар, әңгімелер арқылы танымын, жан-жануарлар туралы түсініктерін арттыру, жылқылардың басқа малдардан айырмашылығын таныту, сөздік қорын байыту, тіл байлықтарын дамыту, ұлттық тағамдар түрлері туралы ұғымын пысықтап, тиянақтап, көбірек білуге ынталарын ояту, балалардың тазалыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Рақмет саған,
мейірімді әлем!»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: *«Рақмет саған, мейірімді әлем!»*

Мақсаты: Балаларды «рақмет», «өтінемін» сияқты сыпайы сөздерді қолдануға, үлкендерді құрметтеуге, достық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, Рақмет ханшайымы (немесе Мейірімділік перісі).

Балалардың залға кіруі

(Көңілді әуенмен балалар қолдарына жүрекшелер немесе гүлдер ұстап кіреді.)

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар!

Бүгін біз ерекше мерекеге – **Алғыс айту күніне** жиналдык. Бұл күні біз бір-бірімізге жақсы сөз айтып, қамқорлық көрсеткен жандарға алғысымызды білдіреміз.

Хор: «Достық» әні.

Тақпақтар

Алима:

Рақмет айтам анама,
Мейірім берген маған да.
Ақ сүтін ақтап әрқашан,
Қуантып өтем балаша.

Айлин:

Рақмет айтам әкеме,
Қамқор болған әркез де.
Жақсы болып өсемін,
Үміттерін ақтаймын.

Мансур:

Рақмет айтам әжеме,
Ертегі айтып бергенге.
Рақмет айтам атама,
Ақыл қосқан әр таңда.

Диляра:

Досыма да рақмет,
Күлімдейді әрқашан.
Тату болып жүреміз,
Қуанышқа бөленеміз.

Қыздардың биі

«Жүрек» биі

Ойын

«Жақсы сөз айт»

Шарты: Балалар допты бір-біріне бере отырып, «Рақмет!», «Өтінемін!», «Кешіріңіз!», «Сәлеметсіз бе!» сияқты сыпайы сөздерді айтады.

Хор: «Бақытты балалық шақ»

Қорытынды

Балалар бірге:

Рақмет айтып жүреміз,
Жақсылыққа сенеміз.
Мейірімді болайық,
Тату-тәтті жүрейік!

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Алғыс айту – адамдарды жақындастыратын, жүректерді жылытатын ізгі қасиет. Бір-бірімізге әрдайым алғыс айтып, сыйластық пен достықты сақтайық!

Баршаңызды Алғыс айту күнімен құттықтаймыз!

Қортынды

Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

- ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтуды, адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, мейірімді болатынын. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуді түсінді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Аяулы - Анашым»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Тақырыбы: *«Аяулы - Анашым»*

Мақсаты: Аналарды, әжелерді құрметтеуге тәрбиелеу, балалардың өнерін көрсету, мерекелік көңіл күй сыйлау.

Жүргізуші:

Армысыздар, аяулы аналар, ардақты әжелер, құрметті қонақтар! Көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Бүгінгі мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Балалардың кіруі

(Көңілді әуенмен балалар залға кіреді.)

Тақпақтар

Баян:

Көктем келді күлімдеп,
Күн шуағын төгуде.
Аналарды құттықтап,
Қуанышқа бөлендік.

Алима:

Анашымды сүйемін,
Әрқашанда күлемін.
Мерекеніз құтты боп,
Бақыт тілеп жүремін.

Айлин:

Әжем менің ақылды,
Мейірімді, ақ жүзді.
Мерекенмен құттықтап,
Айтамын мен жақсы сөзді.

Ән: *«Ана деп ән салам»* (балалардың орындауында)

Қыздардың биі – «Гүлдер биі»

(Қыздар қолдарына гүл ұстап, әсем әуенмен би билейді.)

Жүргізуші:

Қыздарымыз көктемнің нәзік гүліндей құлпырып билесе, енді жігіттеріміз де өз өнерлерін көрсетеді.

Ұлдардың биі – «Флешмоб»

(Көңілді заманауи әуенмен ұлдар флешмоб биін орындайды.)

Ойын: *«Анама гүл сыйлаймын»*

(Ана мен бала қатысатын қарапайым көңілді ойын.)

Қорытынды сөз

Жүргізуші:

Құрметті аналар мен әжелер! Сіздерді көктемнің ең көркем мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймыз. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға береке тілейміз!

Балалар хормен:

Мерекелеріңіз құтты болсын!

(Балалар аналарына гүлдер мен өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстайды.)

Қортынды

- мерекелік көңіл-күйін құру;
- ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
- өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Балалар мерекеде аналарына ән арнап би биледі. Өз қолдарынан аналарына сыйлық жасады. Мерекелік шарамызға топтағы 20 бала қатысты. Ұл балалар топтағы қыздарымызға сыйлықтарын табыстады.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: **«Көрісу күні – Амал
келді, жыл келді!»**

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Көрісу күні – Амал келді, жыл келді!»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының **Көрісу күні** дәстүрімен таныстыру, үлкенді құрметтеуге, ізеттілікке, татулыққа тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, Әже, Ата.

Балалардың залға кіруі

(Қазақтың күйі ойналып тұрады. Балалар ұлттық киіммен залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, қадірлі қонақтар, ата-аналар, аяулы балалар!

Баршаңызды көктемнің жарқын мерекесі – **Көрісу күнімен** құттықтаймыз!

Көрісу күні – халқымыздың ежелден келе жатқан жақсы дәстүрі. Бұл күні адамдар бір-бірімен қол алысып, құшақтасып:

«Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылсын!» – деп ізгі тілектер айтады.

Хор: «Армысың, көктем!» немесе **«Наурыз келді»**

Тақпақтар

Жаннур:

Келді көктем жадырап,
Күн күледі жарқырап.
Көрісейік бәріміз,
Қуанышқа бөленіп.

Баян:

Амал келді, жыл келді,
Қуанышқа ел келді.
Ақ тілектер айтылып,
Береке мол төрге енді.

Айлин:

Ата менен әжемді,
Құрметтеймін әрдайым.
Көріскенде ізетпен,
Сәлем берем әрдайым.

Көрініс – «Көрісу»

(Ата мен Әже ортаға шығады.)

Әже:

Армысыңдар, балалар!

Балалар:

Бар болыңыз! Бір жасыңызбен!

Ата:

Рақмет, қарақтарым! Дендерің сау, өмірлерің ұзақ болсын!

(Балалар кезекпен Ата мен Әжеге жақындап, қол алысып көріседі.)

Әженің батасы

Әже:

Ақ мол болсын,
Ырыс көп болсын.
Бала-шаға аман болып,
Еліміз тыныш болсын!
Әумин!

Ортақ би

«Қара жорға» (жеңілдетілген қимылдармен)

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Көрісу күні – адамдарды жақындастыратын, сыйластық пен татулықты дәріптейтін ерекше мереке. Әр шаңыраққа амандық, молшылық, бақ-береке тілейміз!

Балалар бірге:

Бір жасыңызбен!
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!

Жүргізуші:

Осымен мерекеміз аяқталды. Келгендеріңізге рақмет! Көрісу күні құтты болсын!

Қортынды

Өткізілген күні: 14 наурыз

Тобы: Кіші топ (3–4 жас)

Тақырыбы: «Көрісу – Амал келді, жыл келді!»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының Көрісу дәстүрімен таныстыру, үлкенді сыйлауға, бір-біріне ізгі тілек айтуға тәрбиелеу.

Ертеңгілік жоспарға сай жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Балалар ұлттық киіммен қатысып, мерекелік көңіл-күй қалыптастырды.

Іс-шара барысында:

- Жүргізуші балаларға Көрісу дәстүрі туралы түсінік берді;
- Балалар тақпақ айтып, көктем мен Амал мерекесін жырлады;
- Ата мен әже бейнесіндегі кейіпкерлер арқылы **көрісу рәсімі** көрсетілді;
- Балалар бір-бірімен амандасып, «Бір жасыңмен!» деген жылы сөздерді қолданды;
- «Көктем гүлдері» биі және ұлттық қимылдар орындалды;
- «Жылы лебіз» ойыны арқылы балалар жақсы тілектер айтуға үйренді;
- Ортақ «Қара жорға» биі мерекенің сәнін келтірді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Ұлыстың ұлы күні құтты
болсын»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, ұлттық тағамдарды құрметтеуге, ұлттық ойындарды ойнауға баулу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, Әже, Наурыз (немесе Көктем), Бесікке салатын әже.

Балалардың залға кіруі

(Күй әуенімен балалар ұлттық киіммен залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне қош келдіңіздер!

Наурыз – береке мен бірліктің, жаңару мен жақсылықтың мерекесі.

Баршаңызға амандық, молшылық, қуаныш тілейміз!

Ортақ ән

«Армысың, әз Наурыз!»

Балалардың тақпақтары

Айлин:

Наурыз келді далама,

Наурыз келді қалама.

Көктем келіп көңілді,

Нұрын шашты баршаға.

Асылым:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң,

Жол болсын!

Дарина:

Күн жылынды даламыз,

Гүлге толды бағамыз.

Наурыз тойын тойлаймыз,

Ән мен күйге тоймаймыз.

Қыздардың «Текемет» биі

Көрініс – «Бесікке салу»

Жүргізуші:

Қазақ халқының тәрбиелік мәні зор салттарының бірі – **бесікке салу**. Бұл – нәрестені алғаш бесікке бөлеп, оған ақ жол тілейтін дәстүр.

(Әже қолына қуыршақ алып шығады.)

Әже:

Бесік – баланың алтын ұясы. Бесікте жатқан бала аман, дені сау, тәрбиелі болып өссін деп ақ батамызды береміз.

(Қуыршақты бесікке бөлейді.)

Бата:

Бесігің берік болсын,
Ұйқың тыныш болсын.
Еліңе сыйлы азамат болып,
Өсіп-өне бер!

Ұлттық тағамдар таныстырылымы

Жүргізуші:

Наурыз дастарханы – молшылықтың белгісі.

Балалар ұлттық тағамдардың суреттерін немесе макеттерін ұстап шығады.

- **Наурыз көже** – береке мен ырыстың асы.
- **Бауырсақ** – дастарханның сәні.
- **Құрт** – ұлттық тағам.
- **Ірімшік** – дәмді әрі пайдалы ас.
- **Қымыз** – ұлттық сусын.

Ұлдардың «Батырлар» биі

Ұлттық ойындар

1. «Арқан тарту»

Балалар екі топқа бөлініп, арқан тартады.

2. «Асық жинау»

Белгі берілгенде балалар асықтарды себетке жинайды.

3. «Орамал тастау»

Балалар шеңберге отырып, ұлттық ойынды ойнайды.

Ортақ би

«Қара жорға» (жеңілдетілген қимылдармен)

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Наурыз – татулықтың, достықтың және бірліктің мерекесі. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, молшылық пен қуаныш тілейміз!

Балалар бірге:

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Наурыз құтты болсын!

(Мереке соңында балалар қонақтарға бауырсақ ұсынып, ортақ «Қара жорға» биімен аяқталады.)

Қортынды

Балаларды қазақтың ұлттық салт - дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын, дене мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.

Наурыз мерекесіне арналған шараға 17 бала қатысты. Балалар ән айтып, тақпақтарын айтып би билеп мерекені жақсы қарсы алды. Қазақтың салт-дәстүрі бесікке салу рәсімімен танысты. Ұлттық ойындар ойнады мыс: Асық ату, арқан тартыс т.б. Ұлттық тағамдардан ауыз тиді, пайдасы туралы ақпарат алды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Аспан әлеміне саяхат!»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

Аспан әлеміне саяхат

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, зымыран суреті, үн таспа.

Әдіс - тәсілдер: Жұмбақ шешу, тақпақтар, ойын, сұрақтар.

Жүру барысы: Шаттық шеңбер:

Сәлем саған жер анам,

Сәлем саған алтын күн.

Сәлеметсіздер ме апайлар,

Сіздерді көргеніме қуанам.

Тәрбиеші: Балалар кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?

Ал көктемнің қай айы?

Сәуір айында қандай мерекелер бар?

Бүгін балалар ғарышкерлердің мерекесі, он екінші сәуір ғарышкерлер күні, биыл ғарышқа ұшқан күнге 54 жыл болды. Бүкіл халық бүгін мерекені тойлап жатыр. Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жерде болса тұрағым,

Марсқа ұшып тұрамын.

\\ғарышкер\\

Олай болса балалар ғарышқа ұшатын адамды кім дейміз?

Балалар ғарышқа не үшін ұшады?

Иә, аспан әлемін, планетаны, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.

Слайд: аспан әлемі

Ғарышқа ең бірінші ұшқан жануар ит Белка,Стрелка

Одан кейін Ең бірінші болып ғарышқа ұшқан адам:

Юри Гагарин (слайд)

Ал қазақ жерлерінен кімдер ұшты?

Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев (слайд).

Ал балалар ғарышқа не арқылы ұшады?

Зымыран қалай ұшады? (слайд)

Балалар сендер қалай ойлайсындар ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?

Иә шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны зерттеп ашық аспанда жүреді.

Слайд ғарыштағы сурет.

Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.

Балалар: ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?

Жоқ оларға әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді. Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме?

Балалардың жауабы: Ия

Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз

орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасату.

Ал, екіншіден өте білімді болу керек екен.

Ендеше скафандрды үстімізге киейік, зымыранға отырайық (қолмен қозғалыс көрсетеді), балалар жоғарыға ұшу үшін сиқырлы сөз айту керек көзді жұмып.

Бір, екі, үш

Ғарышқа тез ұш.

Слайд аспан әлемі.

Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық.

Ән: «Мен ғарышкер боламын»

Балалар қараңдаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі планеталар бар, білесіңдер ме аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.

Енді балалар жерге оралайық, ол үшін сиқырлы сөзімізді айтып, көзді жұму керек.

Міне біз жердеміз, осылай ғарышқа ұшады екен.

Қорытынды:

Балалар сонда ғарышқа қай күні ұшқан?

Кімдер ұшты?

Балалар жауап береді.

Балалар сендерге көп рахмет, бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды барлығыңда өте жақсы қатыстыңдар, енді апайларға сау бол айтайық.

Қортынды

Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Сыйластыққа тәрбиелеу.

Ғарышкерлер күніне арналған тәрбие сағатына топтағы 17 бала қатысты. Балалар аспан әлемімен танысты. Қазақтан шыққан ғарышкерлермен танысты. Зымыран, Ғарышкер ұғымдарымен танысты. Топ –топқа бөлініп жұмыстанды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: *«Бірлігіміз жарасқан!»*

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Бірлігіміз жарасқан»

Мақсаты: Балаларды достыққа, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу, Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдеріне құрмет сезімін қалыптастыру.

Балалардың залға кіруі

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар!

Қымбатты балалар!

Бүгін біз Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекеге жиналдық.

Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреді. Бірлік пен достық – еліміздің ең үлкен байлығы.

Хор:«Достық әні».

Тақпақтар

Айзия:

Бірлігіміз жарасқан,

Бақытты елде тұрамыз.

Тату-тәтті бәріміз,

Қуанышқа толамыз.

Нұралы:

Қазақстан – Отаным,

Мақтан етем атамын.

Достарыммен әрдайым,

Бірге күліп шаттанам.

Жаннур:

Әр ұлттың бар дәстүрі,

Әні менен жыры бар.

Достықпенен өмір сүріп,

Бақытты біздің ұландар.

Қыздардың биі

«Ұлттар» биі

Ұлдардың биі

«Батырлар» биі

Ұлттық билер шеруі

(Балалар әртүрлі ұлттардың қарапайым би қимылдарын орындайды.
Мысалы: қазақ, орыс, өзбек, кәріс билерінен қысқа үзінділер.)

Ойын

«Достық шеңбері»

Шарты: Балалар әуенмен билейді. Әуен тоқтағанда бір-бірінің қолынан ұстап үлкен шеңбер құрады да:
«Біз – доспыз!» – деп бірге айтады.

Ортақ ән

«Біз бақытты баламыз»

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Достық бар жерде – қуаныш, бірлік бар жерде – береке. Әрқашан тату болып,
бір-бірімізді сыйлап жүрейік.

Балалар бірге:

Бірлігіміз бекем болсын!

Еліміз аман болсын!

Қазақстанымыз гүлдене берсін!

Жүргізуші:

Осымен мерекеміз аяқталды. Келгендеріңізге рақмет! Бірлік пен татулық әр
шаңырақтан кетпесін!

Қортынды

Балаларға 1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көпұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.

Бірілік күні мерекесіне 19 бала қатысты. Балалар әр ұлттың киімін киді. Әр ұлт өкілдерінің салт-дәстүрімен танысты. Ән айтып би биледі.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Біз Отанның
сарбазы»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Көңілді старт» эстафеталық жарыстар

Мақсаты: Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру

Көрнекілігі: Кедергілер, доп, кенгуру добы, теннис таяғы, уақ доп, шашақтар.

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, балабақша бүлдіршіндері сіздерді 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне байланысты «Көңілді старт» спорттық сайысымызға қош келіпсіздер!

Жүргізуші: Ендеше жарысымызды бастаймыз.

Ал құрметті халайық,

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңдер.

Қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1 Манарбек Хайырбекович

2.Гулшат Утемисовна

Қош келдіңіз қонақтарым төрлеңіз,

Әзірледік сізге орынды төрден біз.

Ұландардың ең құрметті қонағы,

Жанкүйерде төреші де өзіңіз.

Жүргізуші: Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз.

Тәуелсіздік ел көгінде

Спортшы бола аламыз - деп - ойын шартымен таныстырайық.

Эстафеталық сайысымыз 6 бөліммен тұрады.

1. Таныстыру (топтың аты мен ұранын айту мен таныстыру керек)

2. «Кім шапшаң» сайысы

3. «Жүйрік ат» сайысы

4. «Кенгуру» сайысы

5. «Тез қимылда» сайысы

6. «Жүйрік паравоз» сайысы

Таныстыру кезеңі.

Жүргізуші: Еш қысылып саспайық,
Қызықты ойын бастайық
Сайысқа келген баланың
Сергітіп бойын алайық.
«Кім шапшаң» ойынын бастаймыз.
Ойынның шарты: Қаппен секіріп, межеден айналып қайту.
(Әділқазылар алқасы 2 бөліміміздің бағаларын берейік.)

Жүргізуші: Бақшада бүгін басталған
Дайын болын жарысқа
Жүгір, секір қалыспа
Топаралық жарыстан - дей келе «Жүйрік ат» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы
жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.
(Әділқазылар алқасы «Жүйрік ат» бөлімінің бағасын берейік.)

Жүргізуші: Өздерінің шапшаңдылығын ұғындырып,
Көрсетер көп еңбектенген мықтылық.
Келесі бұл сайыста
Қай топтың ептілігін анықтайық – деп «Кенгуру» жарысын бастаймыз.

Ойын шарты: Үрілген кенгуру добымен кедергілер арасымен секіріп,
белгіленген межеден айналып келеміз. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің
жеңімпазы атанады.
Әділқазылар алқасы 4 бөліміміздің қорытындысын берейік.

Жүргізуші: Денемізді шынықтырып,
Шыныққан біз баламыз.
Жаңғыртып біз елімізді,
Биіктерден көрінеміз - дей келе «Тез қимылда» сайысын бастаймыз.

Ойын шарты: Теннистің таяғымен уақ допты кедергілер арасымен
домалатып, кері қайту.
(Әділқазылар алқасы ойынның ұпайын берейік)

Жүргізуші: Ендеше ең соңғы ойынымыз « Жүйрік паровоз» жарысын
бастаймыз.
Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар вагондары болады.

Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.

Жүргізуші: «Спорт» әнімен флешмоб биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Ендеше бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Марапаттау кезегін балабақша директорына беріледі. Марапаттау рәсімі. Қатысқан бүлдіршіндерімізге рахмет. Келіп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет. Қош сау болыңыздар.

Қортынды

Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Отан қорғаушылар күніне арнап Ерсек, Ортаңғы, Кіші топтағы ер балаларды қатыстырып, Көңілді эстафета ұйымдастырдық. Балалар белсене қатысты. Қызықты ойындар ойнап жарысты. Жарыс соңында балалар марапатталды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Ұлы Жеңіс жасасын»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2023-2024 жж

«Ұлы жеңіс жасасын»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Ән: Ән ұран.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлар суреттері.

Тәрбиеші: Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

- Балалар Отан - туған жер туралы тақпақтар.

Асылым

Отан үшін жанымызды береміз,

Отан үшін барлығына көнеміз.

Отаның да, ананың да алдында,

Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.

Баян.

Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің сен Отан.

Мәңгі соғып тұратын,

Жүрегімсің сен Отан.

Мансур.

Туған жерде толамыз,

Ертең жігіт боламыз.

Отан ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен күйіміз.

Жаннур

Отан - сенің, ата - анаң,

Отан - досың бауырың Отан - өлкең, астанаң,

Отан - аудан, ауылың.

Айзия.

Бақытты боп жүргенім,

Сенің арқан, Ұлы Отан.

Елім менің - тірегім,
Құшағынды гүл атам.
Асылай.
Асыр салған таласып,
Біз туған ел - баласы.
Қандай байтақ - Отаным,
Жан - жағына қарашы.
Алима.

Отаным - кең көсілген,
Төсінде ырыс өсірген.
Қаптаған шал, алып дән,
Бәрі менім несібем.

Тәрбиеші:- Иә сұралып соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте бер. Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Арылтып жаудан жерінді,
Табанға жаншып өлімді.
Жеңіспен желпіп өмірді,
Оралды ерлер көңілді,
Десеңдер бұл қай күні.
Тоғызыншы мамыр күні!
- Балалар жеңіс туралы кім тақпақ айтады.

Ибарһим.
Жеңіс, жеңіс естіледі жалынды,
Жеңіс, жеңіс қоңыраулар қағылды.
Күн парактар қып - қызыл боп ашылды.
Жеңіс келген тоғызыншы мамырды.

Тәрбиеші: Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Әрине соғыс болмасын!

Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары

болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім, өз жеріміздің, патриоттары болайық.

Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды?

Балалар: Солдаттар.

Шекарада солдат тұр,

Ел бақытын қорғап тұр.

Көңілденсін ағалар,

Амандық хат жолдап тұр.

Ән: Бұл шақта.

Тәрбиеші: Осымен «Ұлы жеңіс - жасасын» атты тәрбие сағаты аяқталды.

